

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒАМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Булкбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

Қазақ хандығының күшейген уақыты; Абылай хан заманы– қазақ-қалмақ жаугершілігі, қазақтың ерлік дәуірі, Кенесары заманы-отаршылдыққа қарсы соғыстар кезеңі деп ауызша дәстүрге негізделі әр түрлі дәуірлердің оқиғаларын маңайына топтастырған қазақ қоғамындағы аса белгілі тарихи тұлғалар мен жалпы жобасын жасады. Жалпы, дәстүрлі ауызша тарихтағы қазақ қоғамындағы кезеңдер өзіндік тән ерекшеліктерге толы болды[3].

Тарихшы Г.Жүгенбаева «Дәстүрлі ауызша тарихтың ұлттық контексті» мақаласында «...Біздің мақсатымыз қазақ халқының ұлттық бояуы қалың рухани мұраларының бүгінгі ұлттық жаңғыру жағдайында беретін зор мүмкіндіктеріне назар аударту болатын. Ауызша Сөз өнеріне негізделген рухани мұраларды тарихи зерттеулерге пайдаланудың жолға қойылуы-тәжірибелер, осы бағыттағы еңбектер жазылуымен тығыз байланысты» деген тұжырым жасайды. Г.Жүгенбаева қазақтардың рухани мұралары ұлттық контекстіні «қалыңдығымен» оқшаулатанын атап өтті. Тарихшылығы сонысымен де түсінікті, бірнеше мыңжылдықтар бойы сайын сахараның көшпелі байырғы тұрғындарының мұрагерлері қазақтар өздерінің ұлттық сипатын тек осы ауызша Сөз өнерінде ғана сақтап, бейнелеп, артындағы ұрпағына жеткізе алды. Тарихшы ел басына күн туған тарихи ауыр кезеңдерде, халық бір-бірінен бөлініп қалған жағдайларда («Орманбет би өлген күн, он сан ноғай білген күн»), ұлттық тарихи жоғалтқан басқыншылық билік тұстарында да (тілі орыстық, ұлты кеңестік») халық өзінің Сөз өнері арқылы тарихи жадын жоғалтпағанына және ауызша сөз өнері арқылы ұлттық қорғаныштық қабілеті күшейгеніне баса назар аударады[7].

Халықтық ғасырлар бойы жинақталып жеткен тарихи-мәдени мұрасы ұлттық ауызша тарих айту дәстүрі негізінде жырлар, шежірелер түрінде жетіп отыр. Осыншама тарихи мұраларды жаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне назар аударсақ, қазақ халқының зерделі болғандығын және тарихи жадының аса жақсы қалыптасқандығын байқатады.

Қорытындылай келе,қазақ елі - өте бай тарих айту және оны сақтау дәстүрі мен мәдениеті бар халық. Өткен өмірінде көшпелі өмір салты басымдылық танытқан қоғамда ауызша тарих айту дәстүрі, белгілі дәрежеде, отырықшы өркениетті елдердегі мұрағат пен кітапхана міндетін атқарады. Халықтың рухани өмірі ұрпақтан ұрпаққа осы негізде жетіп, ұласып отырды. ауызша тарих деректерін қолдану қазақ қоғамының шынайы сипатын береді. Халқымыздың басынан өткізген тарихи-әлеуметтік оқиғалар, елдің саяси-әлеуметтік шаруашылық өмірін, әдет-ғұрпын, рухани құндылықтарын, ерлік салтын бейнелейді.

Қазақстандық отан тарихының маңызды міндеттерінің бірі Ұлы дала тарихы туралы ұлан-ғайыр деректердің қазынасы ұлттық дерек көздерін, соның ішінде шежірені зерттеу. Шежіредегі тарихи ақпаратты жүйелей келе біз ұлттық тарихтың нақты тұжырымдамасына қол жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдары. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 43 б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. - Астана: Фолиант, 2008. - 728 б.
3. Артықбаев Ж.О. Қазақ шежіресі: ұлы дала тарихының қайнар көзі және тұжырымдамасы. – Астана: Фолиант, 2015. – 49 б. (12-13 бб. 72 б.)
4. Күзембайұлы А. Қазақ тарихы ауызша деректерін жүйелеу және талдаудың кейбір мәселелері// <http://www.enk.kz>
5. Құрбанғали Х. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 50 б.
6. Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII вв. глазами востоковеда. – Алматы, 2001. – 61 б.
7. Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарихтың ұлттық контексті//«Отан тарихы: ізденістер, мәселелер, болашағы» Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 10-жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. I бөлім.-Астана, 2006. – 184 б.
8. Қозыбаев М.Қ. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері//Қазақ тарихы, 1997.- №4. – 42 б.
9. Томсон П. Голос прошлого. Устная история/ Пер. с англ. М.: Издательство «Весь. Мир»,2003.– С.310.

Сайлаубаева Н.Е.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Қазақ халқының сан ғасырлық өте күрделі дәстүрлі әскери өнері бар. Ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа әскери өркениетті өрбіткені тарих қойнауынан аян. Дәстүрлі әскери өнеріміз сақ, ғұн,

түркі, түркі-моңғол, қазақ хандығы, қазақ-жоңғар шапқыншылығынан келе жатқан әскери тәсілдердің жиынтығы.

Әскери өнердің дамуында сақ жауынгерлерінің үлкен орны бар. Сақтардың соғыс жүргізу өнері басқа елдердің назарын аудартып, ежелгі құл иеленуші мемлекеттердің әскери өнерінің дамуына әсер етті. Сақтардың негізгі қаруы садақ пен ұзын найза, қысқаша қылыш, арқан болды. Сақ садақтары екі сеппелі бөліктен тұрды. Олар сыммен жалғастырыла тартылған қос мүйіз. Сақтар садақты кеудесіне емес, иығына қойып атқан. Оң иыққа да, сол иыққа қойып ата берген екен. Тарихи деректерге сүйенсек, сақтардың күші жебе мен жүйрік атта болды. Ал, жауын күшпен емес, айламен алған. Ол сана-сезімдерінің үшқыр болғандығын көрсетеді.

Сақ әскерлері жеке топтан рулық топ құрды. Сақтарда соғыс өнерінің өзіндік ерекшеліктері болды. Ол соғыста күшті дұрыс бағалай білумен, оны өз пайдасына өзгерте алу еді. Сақтардың соғыс жүргізу әдісінің өзіндік ерекшеліктері болды. Сақтар әскерді өзара келісімге келіп отыратын екі топқа бөлінді. Бірінші әскер соғысқан жауға қарсы майданға аттанғанда, екіншісі жау тылында немесе жау шегінен жағдайда соққы беруге дайын тұрды. Сақтардың б.з.д. 529 жылы парсы патшасы Кирди жеңуі, б.з.д. 512 жылы Дарийдің талқандалуы , б.з.д. 330-328 жылы А.Македонскийдің іскеріне тойтарыс беруі соғыс жүргізу өнерін ерекше меңгергенін көрсетеді. Сарматтар бүкіл әскери іс пен соғыс өнеріне әсер еткен үлкен жаңалық әкелді. Олар Парфия және Ұлы Рим империясының тұрақты әскерімен соғыста жинаған тәжірибенің негізінде әскери іс пен ұрыс жүргізу өнерін жетілдіріп, жау шебін жарып өтетін ауыр қаруланған атты әскерді - «катафрактариді» пайдаланды. Бұл жаппай салт атты жауынгердің қолданған қаруына үлкен өзгерістер енгізіп, әскер басқару мен ұрыс жүргізудің түбегейлі жаңа қағидаларын қалыптастырды.

Ғұн тайпасының да әскери өнері жақсы жетілген. Оны Аттиланнның әскери жорықтары айғақтайды. Аттила ерекше саясаткерлік қабілетке ие адам болды. Мұны римдіктер мойындаған болатын. Әскери өнері дамыған, әскер басы болды. Қанжарды игеру өнерін және садақ атуды меңгерді. Ғұндарда әскердің негізі атты жауынгерлерден құрылды. Олардың қаруы садақ дөңгелек немесе сопақша кескіндегі қалқандары болды. Қытай қорғаны ғұндардан қорғану үшін бірнеше жеңілістерден соң б.з.д. 207 жылы салына бастағаны белгілі. Атилланың 451 жылы Римге шабуылынан кейін көп ұзамай Рим империясының құлауы да ғұндардың әскери өнерінің күштілігін білдіреді. Ғұн мемлекеті бірнеше ғасыр бойы қытай империясының экспансиясын тежеп қана қоймай, қытай императоры У-дидің әскерін ойсырата жеңіп, Хань империясына қырық жыл бойы алым-салық төлетті. Бұл да тікелей ғұндардың жетілген әскери жүйесінің нәтижесі. Әсіресе, Мөде шаньюй тұсында ғұндарда әскер басқарудың ондық жүйесі қалыптасты және қолбасының бұйрығын сөзсіз орындау сияқты қатаң әскери тәртіп енгізілді. Сонымен қатар ғұндардың тұсында Орталық Азия көшпелілерінің ең жақсы көретін қаруы - садақ жетіле түсті. Қатаң тәртіпке бағынған, темір қарумен және алыс қашықтықтан қолданатын күрделі садақпен қаруланған ғұндар қытай әскеріне дес бермей, ашық ұрыста үнемі жеңіп, басым түсіп отырды. Сол себептен де қытай императоры У-ди өз әскерін ғұн әскерінің үлгісімен қайта жасақтап әскери реформа жүргізді.

Б.з. I-IV ғасырында ғұндардың батысқа қоныс аударуы нәтижесінде сарматтар мен ғұндар қалыптастырған екі әскери жүйе бір арнаға тоғысты. Осының нәтижесінде бүкіл Европада Еділ бастаған ғұн әскеріне төтеп беретін бір де бір күш табылмады. Кейінгі ғасырларда да ғұн мен сарматтардың әскери жүйелерінің тәжірибесін Ұлы даланың ұлы қолбасшылары ұзақ уақыт қолданды.

Түрік қағандығының әлеуметтік саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алды. Түріктердің алғашқы көсемі Бумын қағанның көрші мемлекеттерді бағындырғаны баршаға мәлім. Бумынның інісі YI ғасырдың орта шенінде Орта Азиядағы эфталиттер мемлекетін күйрете жеңді. Бұл түрік қағанатының территориясын ұлғайтып, әскер қуатын арттыра түсті. Түрік қағандығының әскері оң қанат (телес) пен сол қанатқа (тардуш) бөлінген. Оғыздарда бұзықтар оң қанатты, үш оқтар сол қанатты құраған. Түркілер ерекше әскери құрылымнан тұратын әскери өнердің шебер үлгілерін қалдырды. Түркі қағанаты YI-YIII ғасыр Күлтегіннің ескерткіші арқылы Бумын Қаған, Истеми Қаған туралы мәліметтер береді. Онда түркі қағанаты тұсындағы әскери өнерді паш етіледі.

Түркілер ғұндардың ұрпағы ретінде өздеріне дейін жиналған соғыс өнерінің бай тәжірибесін дамытып қана қоймай, жаңа соғыс доктринасын жасап шығарды. Соның нәтижесінде Түркілер Еуразияның Ұлы даласында өмір сүрген барлық тайпаларды біріктірген ең күшті қағанат құрып, Еуразияның этникалық, саяси-экономикалық жағдайына тікелей әсер етті. Түркі қағанаты көп уақытқа дейін шығысында Қытайды тәуелді етіп, батысында Иран мен Византияны өзіне мүдделі қылды. Бұл да түркілердің әскери ісі мен соғыс өнерінің, қолбасшылық мектебінің озық үлгісінің дәлелі болып

табылады.

Ұлы дала көшпелілерінің соғыс өнерін жетік меңгергені сондай, олардың қолбасшылық мектебі тағы да халықаралық деңгейге шықты. Әсіресе, X-XII ғасырларда қыпшақтан шыққан қолбасшылар барлық көрші елдерде әскери қызмет атқарып, соғыс өнерін қаншалықты жетік игергенін көрсетті. Қытай императоры, Грузия патшалары, Рим папасы, орыс княздері, Хорезм шахтары түгел қыпшақтардан тұратын ұлан ұстаса, Мысыр елінде Мәмлүк сұлтаны Бейбарыс қарапайым сарбаздан биліктің шырқау шыңына дейін жетті. Жалпы сол кездегі түркілердің әскери ісі мен соғыс өнері, қолбасшылық дарынына байланысты мәліметтерді түркі жазбаларынан, араб-парсы деректерінен көптеп табуға болады.

Шыңғыс хан әскерлері де жоңғарлар (сол қанат) мен барұңғарлардан (оң қанат) тұрған. Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңдар жинағы бойынша қатаң әскери реформа жасалып, онда ұжымдық жауапкершілік, антқа адал болу, опасыздық жасамау, бұйрықты сөзсіз орындау, қашып кеткен жауынгер үшін басшысының басы алынатын темірдей тәртіп, мызғымас әскери иерархия орнатылды. Әрбір ұл жастайынан жауынгерлік өнерге машықтанды. Мемлекет аумағы үш әскери әкімшілік аймаққа бөлінді. Әр аймақ бірнеше түменнен, түмен 10 «мыңдықтан», әр мыңдық- 10 «жүздіктен» тұрды. Армия темірдей тәртіп және жоғары әскери дайындығымен ерекшелінді. Моңғолдардың әскери басымдыққа жетуіне Шыңғыс ханның жауапты орындарға этникалық және әлеуметтік шығу тегіне қарамастан батыл да іскер адамдарды қоюы көп әсер ең тигізді. Шыңғыс хан империясының құрамындағы қазақ тайпа, руларының соғыс өнеріне келсек, Қолбасы Сүбедей 1224 жылы Руске жасалған жорықтан кейін меркіттер, наймандар, керейлер, қаңлылар, қыпшақтардан ерекше корпус құруды ұсынған еді. Бұл ұсынысты Шыңғыс хан қабылдаған болатын.

Ұлы дала қолбасшылары алдына жан салмайтын, соғыс өнерінің нағыз маманы екені Шыңғысхан дәуірінде көрінді. Шыңғысхан әскери іске қатысты өзіне дейін жиналған тәжірибені жетілдіріп оның негізгі қағидаларын «Ұлы Жасақ» заңдар жинағына енгізді. Егер бұған дейін соғысқа қатысты іс-әрекеттің бәрі әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің негізінде реттелсе, енді ол сол дәстүрлердің негізінде жасалған заңдық, құқықтық нормаларға құрылатын болды. Ұжымдық жауапкершілік, антқа адал болу, опасыздық жасамау, бұйрықты сөзсіз орындау, әскери борышты орындауға сақадай сай болу, жорық үстінде жан-жаққа барлаушылар мен шолғыншыларды аттандыру сияқты тағы басқа ұстанымдардың Шыңғысхан заңдар жинағында орын алуы қолбасшылық мектептің дамуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзі қарулы күштерінің құрылымы мен жарғыларына, соғыс жүргізу тәсіліне үлкен әсерін тигізді.

Қазақтың әскери тарихы мен қазақ хандығының құрылуы және нығаюы ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. кезеңінде болды. Қазақ хандығының пайда болуы ХІҮ-ХҮ ғғ. десек, осы кезде қазақ хандығының әскери күші күшейе түсті. Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазбасы бойынша Қасым хан тұсында атты әскер саны 300 мың болғаны белгілі. Қазақ хандығында адамдар әскери қарудың бес түрін қолданған. Олар: найза, садақ, қылыш, сауыт-сайман, қалқан. Қазақ хандарының қазақ хандығын құруы, Керей, Жәнібектің қазақ хандығын қалыптастыруы, Қасым ханның қазақ хандығын нығайтуы, ХҮІ-ХҮІІ ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысы, жоңғарлармен соғыста қазақ батырларының жеңіске жетуі әскери өнердің жетістігін көрсетті.

Қазақ қолбасшылары заманына сай қарумен қаруланған, жауға қарсы соғыс тәсілдерін игереген болды. **Қазақ хандығы дәуірі кезіндегі жаугершілік заман тарих сахнасына бірегей батырлар мен даңқты қолбасшыларды қалыптастырды.**

Қазақ халқында елін, жерін қорғаған батыл батырларының есімі алты алашқа аян. Олар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Көкжарлы көкжал Барақ, Керей Жәнібек, Шанышқылы Бердіқожа, Керей Жанатай ер, Тоғас Қосай, Тума Шағалақ, Мұрын Боранбай, Үйсін Сарышуаш, Қыпшақ Есімхан, Қыржы Бостан, Төртуыл Баймұрат, Тоқпақ Қасабай, Матай батыр, Шыңқожа батыр, Шойбек Сенкібай, Қаңлы Құлан, Сіргелі Елшібек, Қаратай, Ысты Төлек, Сиқымнан Шінет, Рысбек, Ботбай Сәмен, Шымыр Қойкелді, Қоңырат Төлебай, Болат, Жаныс Өтеген, Шапырашты Науырызбай, Рамадан Алшынбай, Қарақалпақ Құлашбек. Қазақ мыңдықтарын басқарған басшыларының есімдері рулық, жүздік деңгейден асып, жалпы ұлттық межеге көтерілген.

Батырлардың бірегейі Қабанбай батырдың ерлігі, әскери өнері және соғыс тәсілі тарихтан мәлім. Қабанбай батырдың басқа батырлардан ерекшелігі, ол – ұлтын сүйген ерекше нар тұлға. Ол 18-ші ғасырдағы қазақ батырларының ішіндегі дарасы дейміз. Қабанбай – ержүрек, батыл батыр, талай ауыр соғыс сыннан өткен, оның бүкіл өмірі халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен. Қаракерей Қабанбай қатыспаған бірде-бір ірі шайқас болмаған. Қабанбай батыр осындай сұрапыл

шайқастарға қатынасып, сол жекпе-жекке 103 рет шығып, барлығында жеңіске жеткен. Қабанбай батыр атты әскер соғысының мықты стратегі, жекпе-жектің тендесі жоқ шебері болған. Қазақ сардарының сауыт-сайманы және қару-жарағы ұрыста шешуші рөл атқарған. Жауынгер сауыт киіп, қылыш ұстаған қоян – қолтық айқаста қанжарлар, семсерлер, айбалталар пайдаланылды. Семсерлер көбіне қайыңнан жасалды. Жекелеген жауынгерлерді темір семсерлер болды. Бастарында болат дұлыға, үстерінде ақ берен сауыт, белдерінде қайқы қылыш, бұған қосымша ұшы темір ілмегі бар ұзын найзалар болды, онымен жауды аттан құлататын, әрбір жауынгер иықтарында садақ қайың оқты жебе салынған қорамсақ ұстады, білекте қалқан, тақымында ұзын сапты көк сүңгі де болды.

Қазақ халқы сақатардың, ғұндардың, түріктердің, қыпшақтардың даңқты әскерінің төл мұрагері. Өйткені, б.з.д. I мыңжылдықта Хуанхэ өзенінің орта ағысынан Дунайға дейінгі аралықта дала әскери мектебі қалыптаса бастады. Осы кең-байтақ жерде өмір сүрген сақтардың, ғұндардың, түркілердің тікелей ұрпағы ретінде қазақ халқының әскери өнері мен жауынгерлік дәстүрін жалғастырушы мұрагер болып табылатыны тарихи заңдылық. Ендеше, әрбір тарихи кезең қазақ халқының әскери өнерін және оны қалыптастырған қолбасшылардың шеберлігін шындай түсті. Сан ғасырлық тарихы бар қазақтың әскери өнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, асыл қазынамызға айналып отыр.

Қорыта келгенде, қазақтың әскери өнері Еуразияның Ұлы даласында өмір сүрген сақ, ғұн, түркі тайпаларының жетістігі.

Қазіргі таңда қазақ халқының әскери өнерін зерттеу аса қажет. Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толып отырған Қазақстанның жас ұрпағына елін, жерін қорғаған қазақ батырларының даңқты ерліктері өнеге және тәлім-тәрбие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметжан К.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. 2006. 215 б.
2. Айбын. Энциклопедия. Бас редакторы Б.Ө. Жақып.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.- 880 б.
3. Әскери өнер тарихы: оқу құралы. А.Қ. Демеев, Ж. Садирмекова, А. Бекбосун, У. Ульчибаев.- Алматы: Эверо, 2016.- 169 б.

Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ

Қазақтың ғұлама ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, фольклорист Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында ерекше орын алады.

Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған.

Шоқан балалық шағын әуелі Құсмұрында, содан кейін ата-бабаларының мекені болған Сырымбетте өткізді. Бала Шоқанның рухани жағынан өсуіне әжесі Айғаным үлкен әсер етті. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі білім мен халық даналығының сарқылмас көзі болды. Ол Шоқанға қазақтың ежелгі аңыздары мен хикаяларын қызықты етіп әңгімелеп, күні кеше өзі қатысқан тарихи оқиғаларды еске алып отырды. Халықтың озық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесін Шоқан өмірінің соңына дейін ұмытпай есте сақтады.

Шоқан Уәлиханов ерте жастан қазақтың халық поэзиясына қатты құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, ата-анасына оқып беріп жүрді. Бала кездің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» және «Еркөкше» халық поэмаларының түрлі үлгілерін жазып алып, кейін оларды ұстазы Н.Ф.Костылецкийге табыс етті. Оның отбасында жиі қонақ болатын қазақ әншілері мен жыршылары Шоқанның халық поэзиясына деген қызығушылығын оятуға көп әсер етті.

Шоқан шығыстың басқа да халықтарының поэзиясымен шұғылданды. Шоқанның ғылымға қызығушылығын қалыптастыруда әкесінің алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауым өкілдерімен байланыста болуы көп әсер етті.

Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері,